

М.К. Алдабергенова<sup>1</sup>, Ф. Максуд<sup>2</sup>, М. Рустамбекова<sup>3</sup>, Г.А. Жадраева<sup>4</sup>

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан;

<sup>2</sup>Археология институты, Ташкент, Өзбекстан;

<sup>3</sup>Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан;

<sup>4</sup>«Silk Way» халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан  
(E-mail: mol-nur\_an@mail.ru)

## Ортағасырлық Сығанақ қаласы (жазба және археологиялық деректер негізінде)

Мақалада ортағасырлық Қазақстанның қала өркениетінің, суармалы егіншіліктің, отырықшылықтың орталығы болған Сығанақ этимологиясының шығуына байланысты жазба және археологиялық деректер сараланады. XI–XIII ғғ. Қыпшақ хандығының, XIV–XV ғғ. Ақ Орданың, XV–XVI ғғ. Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ қаласының әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы тарихи деректер негізінде талданды. Ортағасырлық Сығанақ қаласының экономикасы мен әлеуметтік дамуының негізін құрайтын салаларға кеңінен тоқталып, қаланың әлеуметтік, экономикалық және саяси тарихының шынайы мазмұны қалпына келтірілген. Ғылыми айналымға соңғы жылдары енген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін сараптамадан өткізіп, қолда бар жазба және этнографиялық деректерді салыстыра отырып, ортағасырлық қаланың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының тарихы ғылыми тұрғыдан қалпына келтірілді. Кейінгі ортағасырлық қаланың керамикалық бұйымдарының жасалу технологиясындағы ерекшеліктер анықталды. Керамика өндірісінің қаланың экономикалық жағдайына әсері анықталды; қазақ халқының дәстүрлі қолөнер түрлері мен олардың кейінгі ортағасырлық қалада даму деңгейі, архитектуралық ескерткіштер мен құландыларға сипаттамасы толықтырылып, ирригациялық жүйелер туралы деректер нақтыланды. Қалалардың әлеуметтік дамуына әсер етуші факторлар және тұрғын үй мен интерьеріндегі өзгерістер бойынша және қала тұрғындарының этникалық құрамы жөнінде ғылыми болжам жасалды.

*Кілт сөздер:* Сығанақ қаласы, археологиялық деректер, жазба деректер.

Оңтүстік Қазақстанда Түркістан уалаятына енетін қалалардың ішіндегі Сығанақ қаласы туралы алғашқы деректер X–XI ғғ. сәйкес келеді. Махмұд Қашқаридің «Түркі тілінің сөздігі» атты шығармасында «Сығанақ Саманидтер мемлекетінің қалаларына жақын орналасқан оғыз қалаларының бірі» деген дерек келтіріледі [1]. Академик В.В.Бартольд «араб жазбагерлерінің деректерінде «Сугнак», немесе «Сыгнак», атауы кездеспейді, алайда X ғ. мекендеген белгісіз парсы жазбагері өз еңбегінде (Гуманский қолжазбасы) ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалауға болатын «Сунах» қаласы бар» деген мәліметтер келтіреді. В.В.Бартольд Сығанақ жайлы «Фараб аумағында орналасқан кішігірім бай қаладан басқа өңірлерге садақ тасымалдайды» — «небольшой город в области Фараба (Отрара), очень богатый; оттуда вывозят в разные места хорошие луки» [2]. XIII ғ. монғол шапқыншылығынан зардап шеккен қала жайлы Ала ад-дин Ата Малик әл-Жуайнидің (XII–XIII ғғ.) «Тарих-и Жаһангуш» («әлемді билеушінің тарихы») атты шығармасындағы деректерге сүйене отырып, мынадай мәлімет келтіруге болады: «Отырар 1220 жылдың ақпан айында жеңіліс тапты. Ал Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы әскері 1219–1220 жж. қысында Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалардың бірінен соң бірін өзіне қаратты. Жошы әскері монғолдарға соғыс басталмастан бұрын қызметке тұрған жергілікті саудагерлер Хасан-қожа мен Әли-қожа алып жүрді» дей келе, жазба деректе Хасан-қожа қала тұрғындарын монғолдарға өз еркімен берілуге үгіттеу мақсатында жіберілгендігін және де «злодеи, чернь и бродяги там умертвили предателя и оказали врагам храброе сопротивление. После семидневного непрерывного боя Сыганак был взят, население вырезано целиком» [3] деген жолдарды кездестіруге болады.

Жоғарыда келтірілген жазба деректердің жұтандығына қарамастан, Сығанақ қаласының экономикалық және саяси жағдайы жайлы жалпы мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Дала мен қала мәдениетінің тоғысқан шекарасында пайда болып, дамыған қала сауда және әкімшілік орталығы ретіндегі мәртебесін сақтап қалғаны анық. Монғол шапқыншылығымен Сығанақ тарихының бірінші кезеңі аяқталады. XIII ғ. екінші жартысында қала жайлы деректер армян патшасы Гетумның 1254 ж. Бату мен Мөңке хандар ордасына барғаны туралы жазылған армян деректерінде «Көлемі үлкен Сгнах (Сығанақ) пен Савран (Сауран) қалаларына бет алған олар кейін Харчук, Асон, Саври мен Отрар, Зурнук және Дизак қалаларына аттанды» [4], — деген деректер келтіріледі. XIV ғ. дейін, нақтырақ

айтқанда, 1328 жылға дейін, жазба деректерде Сығанақ қаласы жайлы мәлімет кездеспейді. Ал, САЭ-сы жүргізген қазба жұмыстары барысында Сығанақ қала жұртында X–XIII ғғ. тиесілі мәдени қабаттың болуы әлі де болса зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі болып отыр. Шахристан қорғанының солтүстік және оңтүстік-батысында түсірілген ірі екі стратиграфиялық кима XIV ғ. алдыңғы кезеңдерге тиесілі деректер бермеді (тек оғыз дәуіріне қатысты сырланбаған керамика сынықтарын айтпағанда) [5; 139]. Жоғарыдағы деректер талдай отырып, айтпағымыз, тек археологиялық деректерге сүйене отырып, қалада X–XIII ғғ. тіршілік болмаған деуден аулақпыз, қазба жұмыстары әлі де жүргізілуде, ал жазба деректер Сығанақты оғыз дәуірінде, кейін қыпшақтардың көрнекті қалаларының бірі екендігін баса айтуда [6]. Ақ Орданың астанасы болған Сығанақ жайлы жазба деректер қаланың халықаралық, сауда-ақша, сауда-экономикалық және ішкі қарым-қатынастарынан хабар беретін нумизматикалық материалдармен толыға түседі. Мәселен, Сыр өңірінде ақша айналымын қамтамасыз ету үшін Сығанақта басып шығарылған күміс және мыс теңгелер Түркістан және Жайық бойындағы қалаларда жүргізілген қазба барысында табылған. 1971–1977 жж. Отырар қаласында Жошы атынан шығарылған 10 мыс теңге табылды, оның үшеуі Сығанақта басылған теңгелер екендігі анықталды. 1911 ж. Ресей Федерациясының Қазан уезінің Сосновка ауылында 1375–1376 жж. Сығанақта басылған теңгелер табылған [7; 129].

Халықаралық саудада өз орнын қалыптастырған ортағасырлық қала жайлы археологиялық деректерді ортағасырлық автор шығармаларындағы деректер толықтыра түскендей. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Записки Бухарского гостя» атты шығармасында Сығанақ қаласын сипаттай келе, «Владение Сыгнак — конец благоустроенных земель северной стороны области Дешта. В старину он был очень большим, цветущим городом. Вся эта область весьма благоустроена и возделана, и всему тому краю содействовали всякого рода блага, спокойствие. Этот город в действительности является пограничной заставой Дешт-и Кипчака ...». Рузбихан шығармасында сонымен қатар қаланың сауда қатынастары мен қала базарларына келіп саудаланатын тауар түрлері жайлы да «В эту страну со стороны Дешта, из Хаджи-Тархана доставляют множество благ, жирных овец, коней, верблюдов и другие ценные товары, как-то: шубы из меха киша и тина, то есть из соболя и белки, тугие луки, стрелы из белой березы, шелковые ткани и другие драгоценные изделия» [8; 116] деректер келтіреді. Монғол шапқыншылығына дейін отырықшы-егіншілік оазисінің орталығы ретінде танымал болған қала, XIV ғасырдан бастап теңге сарайы бар ірі саяси және экономикалық орталыққа айналғандығы анық. Қаланың өркендеп дамуына, Еуропадан Орталық Азияға келетін сауда жолының Сыр өңірі арқылы өтетіндігі тікелей ықпалын тигізген сыңайлы [9].

Сығанақ қаласы тек ірі сауда орталығы ғана емес, сонымен қатар XI–XIII ғғ. Қыпшақ хандығының, XIV–XV ғғ. Ақ Орданың, XV–XVI ғғ. Қазақ хандығының астанасы болғаны жайлы мәліметтерді де кездестіруге болады. 1590 ж. бұқар ханы Абдолла II жайлы жазылған Хафиз-и Таныш ибн мир Мұхаммед Бухаридің «Шараф-наме-йи шахи» («Шах даңқы жайлы кітап») атты шығармасында келтіріледі: «Сығанақ ежелден-ақ, қыпшақ даласы хандарының астанасы болды» [10; 243–311], алайда бұл деректі автор белгілі мемлекет қатысты айтқандығы немесе жалпы өңір жайлы айтылғандығын анықтау мүмкін емес. Қаланың Түркістан өңірінде алатын орны жайлы XV–XVI ғғ. ортағасырлық автор Рузбихан мынадай жолдармен келтіреді: «Ертеде шибандық өзбек хандарының ордасы осы қала мен оның аумағында болған, қазір бұл хандардың мазарлары да осы қалада. Дешті қыпшақтың белгілі хандарының қалауы да осы еді, өздері жер жастанғаннан кейін олардың мәйіті осы қалаға әкелініп, үстіне күмбезді ғимараттар салынған» [8; 117]. Осы жолдар Сығанақтың өңірдегі алатын әкімшілік және рухани орнын толықтай ашып көрсеткендей.

Ал қаланың құлдырау кезеңі қай уақытта басталды деген сұраққа жауап іздер болсақ, В.В.Бартольд тауып жарыққа шығарған «Сығанақ грамоталарында» қала маңындағы бірнеше арық пен бұлақ атаулары кездеседі және қаланың XVII ғ. тіршілік жалғасып жатқандығы айтылады [10; 313–317]. Ал қаланың батыс жағына жүргізілген № 6 қазба кесінді 2 м, яғни 4-қабат, екі құрылыс кезеңін анықтады. Алынған керамикалық материалдар қалада тіршілік XVI–XVIII ғғ. жалғасқандығын дәлелдейді [11]. Қаланың тоқырау кезеңі этнографиялық деректер мен 1867 ж. қала жұртында зерттеу жүргізген П.И.Лерх жазбасына сүйенсек, XIX ғ. басына дейін қалада өмір жалғасқандығы жайлы баяндайды.

Сығанақ атауы жазба деректерде әртүрлі үлгіде айтылады. Аталмыш деректерге сүйене отырып, В.В.Бартольд өзінің «К истории орошения Туркестана» атты еңбегінде: «Қазіргі уақытта Сунақ-қорған қала жұрты, жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, Сағанақ деп аталса, ортағасырлық қолжазбалар мен ресми құжаттарда Сыгнак, Сугнак, немесе Суганак, атауы да кездеседі» дей келе,

«лингвистикалық тұрғыдан Сағанақ атауынан Сунақ атауы қалай қалыптасқанын түсіндіру қиын» [12], — деген тоқтамға келеді. Ал археолог М.Тұяқбаев болса, «Сугнак» сөзіндегі бірінші «нак» жалғауының түптөркінін түсіндіре отырып, «нак» көп деген мағына береді дей келе, Түркістан оазисіндегі барлық қала атауларының тегі түркілік, сондықтан «Сугнак» атауы суы мол аймақ дегенді білдіреді деп болжамдайды. Қала атауының шығу тегін анықтау тыңғылықты зерттеудің қажет ететін мәселе екендігі анық. Сондықтан бұл сұрақта профессор С.Жолдасбаевтың позициясын қолдап, зерттеу жұмысының өне бойында Сығанақ атауын қолданамыз.

Археологтың пікірінше, Сығанаққа зерттеушілер XIX ғ. екінші жартысынан көңіл бөле бастаған [13]. Алғаш рет 1867 ж. Орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды қарап шығуға жіберілген шығыстанушы П.И.Лерх Сығанақта болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. 1884 ж. Түркістан өңіріне іссапармен келген Н.И.Веселовский ортағасырлық қала құландыларын қарап шығып, қазба жұмыстарын жүргізеді. «Описание развалин древних городов по дороге из Казалы в Ташкент» 52 беттен тұратын қолжазбада Сығанақ қаласы оның маңындағы архитектуралық ескерткіштерге сипаттамма береді [14; 26–28]. 1892 ж. өлкетанушы Е.А.Смирнов Сырдария бойы жасаған барлау кезінде Сығанақта болып, оның аумағымен Төменарық пен қаланың суландыратын жүйесін жазған [15; 6–8]. 1899 ж. В.А.Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттап қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді [16; 15, 16]. 1927 ж. Материалдық мәдениет тарихы мемлекеттік академиясының (ГАИМК) тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласын А.Ю.Якубовский біршама тыңғылықты қарап шығады. Ол қаланың топографиялық жағына көңіл бөліп жанындағы кейбір керегелері сақтаулы тұрған ғимараттардың суретін түсіріп алған [17; 140–145]. 1947 ж. ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А.Бернштам келіп, қаланың топографиялық жобасын түсіріп, үстінен жинастырған материалдар бойынша қаланың б.д.д. қаңлы дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығы туралы пікір білдірген [18; 86].

XX ғ. 40–50 жж. ОҚАЭ-ның жетекшісі Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевич үстінен жинастырылған материалдар бойынша қаланың V–VIII ғғ. өмір сүріп одан кейін құлдырағанын, XII–XVI ғғ. қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады [19; 41]. XX ғ. 70-шы жж. қалаға ОАЭ-ның (Отырар археологиялық экспедициясы) меңгерушісі К.А.Ақышев пен К.М.Байпақов Отырар қаласының ұзақ жылғы зерттелуіне байланысты қаланың топографиялық жағынан зерттеп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген [13]. Аталмыш ғалымдар қалаға алғашқы барлау жұмыстары жүргізгенімен кең ауқымды қазба жұмыстарын жүргізбеген.

2003 ж. қалада ХҚТУ-нің САЭ-сы (жетекшісі С. Жолдасбаев, Түркістан қ.) жүйелі зерттеу жүргізуде. Қазба жұмыстары жүргізілместен, бұрын қала жұртына берілген сипаттамада Төменарық пен Шиелі станцияларының арасындағы темір жолдан солтүстікке қарай жиде мен сексеуілдің қалың тоғайының ортасындағы Сұнақ ата шатқалында орналасқан. Ол ұзындығы 175-тен 320 м дейін жететін бес бұрышты дөң. Көне қаланың ішкі жағына жіңішке, ұзындығы 20 м, қала алаңын қамтитын шығыңқы үйінді дуалдан тұрғызылған дәліз апарды. Үйінді дуалдың биіктігі кейде 6–7 метрге жетеді. Онда ірі төбелер түріндегі 15 мұнараның қалдығы сақталған. Бұл мұнаралар әр бұрышқа үштен орналастырылған, аймақты үстінен қоршап тұрған ішкі алаңның биіктігі 4–5 м. Үйінді дуалдың сыртқы беткейі өте тік, кей жері тік жартасты, ішкі жағы — еңістеу. Бұл алаңға үш жағынан да (шығысынан басқа) шамасы, шахристан қалдығы болған болу керек, дәл солай жан-жағынан үйінді дуалдармен қоршалған едәуір көлемді рабат үйіндісі жалғасып жатыр. Рабаттың ауқымы солтүстіктен оңтүстікке созылған бес бұрышты алаң болып табылады.

Қаланың айналасындағы бұта-тоғайлардың ортасында әртүрлі пішіндегі, түрлі көлемдегі топырақ төбелер түріндегі көптеген құрылыстар ізі кездеседі. Сұнақ ата кесене-мешітінен де тек күйдірілген кірпіш пен саз балшық қалдығынан үлкен төбешік қалған. Бүгінде алаң аумағының едәуір бөлігін шаруашылық және құрылыс жұмыстары қиратқан. Орталық үйіндіде (шахристанның) XVII ғ. бастап жерлеу жүргізілген, шығыс жағында көлемді қазіргі зираттар орналасқан, жолдар төселіп, автокөлік тұрақтары салынды және шаруашылық пен тұрғын үйлер тұрғызылған.

Ортағасырлық қалада алғашқы қазба жұмысы бірден үш жерде жүргізілді. Бірінші қазба жұмысы қаланың солтүстік-шығыс жағындағы рабаттан шығыс жағындағы қақпаға жақын жатқан кішкене бір төбешікке көлемі 8,5–14,5 м жерге салынды. Бұл жерде 3 бөлмелі үй қалдықтары аршылды. Жалпы табылған бұйымдар XVIII–XIX ғғ. тән. Үйдің өртенгендігіне қарағанда жоңғар шапқыншылығы кезінде болды ма деген ой туғызады [13; 14]. Екінші қазба жұмысы қаланың солтүстік-батыс

жағындағы қалаға кіретін солтүстік-батыс жағындағы екінші қақпаға қарама-қарсы 100 м жердегі рабат үстіндегі төбешікке салынды. Төбешіктің үсті қыш сынықтарына толып жатты. Кірпіш сынықтарын тазалап 30 см тереңдегенде қыш кірпіштен қаланған ғимарат қалдығы ашылды. Оның іші-сырты тазаланғанда көлемі 14 x 12 м болатын дуалдары қыштан қаланған кесене жобасы белгілі болды. Кесенеге пайдаланған кірпіштің басты көпшілік бөлігінің көлемі 25 x 25 x 5 см, бірақ арасында көлемі 43 x 25 x 7 см, 41 x 26 x 6 см келетін түрлері де кездеседі. Кесененің іргесі (негізі, фундаменти) көлемі 40 x 40 x 20 м, 50 x 50 x 35 см, 30 x 30 x 12 см, келетін сұр тастармен қаланған. Кесененің қас беті мұнара тәрізді жасалған деген ой туғызады. Бұл мәселе сәулетшілер қатысуымен қайта зерттелуі қажет. Жалпы қазба жұмысының нәтижесінде кесененің төрт бөлмесі ашылды, екі түпкі және ауызғы екі бөлмелері белгілі болды.

Сығанақ қала жұртындағы мешіт құландылары 2009 ж. № 5 қазба нәтижесінде аршылған. Қаланың орталық бөлігінде шығыс қақпадан келетін үлкен көшенің бойында орналасқан бұл ғимараттың орталық алаңының оңтүстік жағында салынған, негізгі құрылыстың жобасына қарағанда, мешіт орны екендігі қазба жұмыстары барысында айқындалды. Искендір жазбаларына сүйенсек, «Сығанақта жерленген Сасы-Бұқаның баласы Ерзен Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршынлы кентте құдайға құлшылық жасайтын құрылыс нысандарының (медресе, ханака, мешіттер) көп бөлігін сол салдырды және ескілеріне қайта жөндеу жұмыстарын жүргізді» [20; 130]. Қазба барысында табылған бұл ғимарат осы Ерзен хан тұсында қайта жөндеуден өтіп, мешіт-медресеге айналуы да мүмкін.

Қазба жұмыстарымен қатар, Сығанақ қаласының суландыру жүйесін зерттеу мақсатында Қаратау мен қала аралығында таудан ағатын өзен суларын егіс даласында пайдалану үшін тартылған арық-тоғандарды барлау жұмыстары жүргізілді. В.В.Бартольд тауып, жарыққа шығарған «Сығанақ грамоталары» XV–XVII ғғ. жазылды деген болжамға сүйенсек, қаланың ирригациялық жүйелері жайлы көптеген мәлімет алуға болады. Бірінші грамотада «аталған уалаяттың асыл текті шейхтары мен оқымысты арабтарына жеткілікті дәрежеде құрмет көрсетіліп, Сырдариядан тартылған Ордакент, Қызыл-Тал және Тұманарық аумағынан бір төбе және Шікіл-Тоғай мен Бозғыл өзек арықтар бойынан бір төбеден өз игіліктеріне пайдалану үшін жер берілсін» [10; 317] делінген, мұнда Сығанақ қаласын сумен жабдықтап отырған арық атаулары көрсетілген. Ал үшінші грамота 1598 ж. жазылып, онда «Тоқтамыш бұлағы, Хараш бұлағы, Келте Шалқия каналы, Қызыл-Тал каналы, Арсланды каналы, Джулақ каналы, Мыңбұлақ қайнары, Хисаршық бұлағынан басқасының барлығы Сығанақ қаласы тұрғындарының мүлкі (жеке меншіктегі жері) болып табылады» дей келе, «Хисаршық бұлағының Хазрат Аллам Абу-л-Хасан Зийа ад-Дин-Шайх Сыгнакидің вақфтық меншігіне айналдырылғаны» [10; 318] туралы да баяндалады.

Сығанақ қаласында 2010 ж. жүргізілген археологиялық қазба нәтижелері, біріншіден, қала шахристан бөлігінің топографиялық жобасының түсірілуі, екіншіден, қала ішіндегі үш орынға қазба жұмыстарының жүргізілуін атап айтуға болады. Соңғы түсірілген топографиялық жобада бірнеше бөлікке бөлінген шахристан, кең көшелер, 2009 ж. ашылған алдында алаңы бар мешіт айқын байқалады. Кейінгі жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған керамикалық бұйымдар XV–XVI ғғ. сәйкес келетінін көрсеткен. Алайда бұл кезеңмен қала өмірі тоқтады деген сөз емес, керісінше, бұл кезең өтпелі екендігі айқын байқалады [21].

Сығанақ қаласының тарихына қатысты негізгі мәселелерін ашуда 2011 ж. далалық жұмыстар көп әсерін тигізді. Атап айтқанда:

- Сығанақ қаласының қалыптасуын және тарихи дамуын қарастыруға мүмкіндік беретін қала топографиясы мәселесі;
- Сығанақ қаласының тарихи дамуындағы дәуірлеу мәселелерін қарастыратын қаланың стратиграфиясы мәселесі;
- Сығанақ қаласының археологиялық мәдениетінің ерекшеліктері мен жергілікті мәдениетпен сабақтастығын қарастыратын қаланың мәдени дамуы.

Сығанақта жүргізілген қазба жұмыстарының деректік маңызы бар нысандарының бірі 2011 ж. ашылды, ол негізгі қамалға жапсарлана салынған өте күрделі қақпа құрылысының бір бөлігі. Осы кезеңнің өзінде қала қақпасының сәулеті ерекше құрылыс екендігі анық. Өкінішке орай, көптеген басқадай ортағасырлық қалалардың қақпасына арнайы қазба жұмыстары жүргізілмеген. Бұл қақпа осы өңірдегі анықталған Сауран, Отырар қалаларының қақпа құрылысынан өзгешелеу. Бұл екі қаланың қақпаларында аспалы көпірге арналған тіреу бар. Сығанақ қаласының негізгі платформасы ғана күйдірілген кірпіштен қаланған, ал екі қапталдағы мұнарасы пахсадан жасалған және негізгі платформа алға 4,5 м шығыңқы болып орналасқан. Платформаның қазіргі анықталған ең биік жері

1,7 м және одан төмен қарай жалғасып жатыр, дегенмен, қазба барысында жер асты суының шығып кетуіне байланысты тоқтатылды. Бұл жерде айтпағымыз, Сығанақтың қақпасында да аспалы көпірге арналған тіреу болуы қажет. Қазіргі жер бедерінен ондай ерекшелік байқалмайды. Оны анықтау үшін келесі жылы қазба аумағын кеңейту жоспарланып отыр. Шығыс қақпасындағы осы жылы басталған қазбаның нәтижесі бойынша 3 құрылыс кезеңі анықталып отыр. Ең жоғарғы құрылыс кезеңі XVI–XVII ғғ. қамтиды. Ал қақпаның ең алғашқы құрылыс кезеңін алдағы жылдардағы қазба жұмыстарының нәтижесінде ғана анықтауға болады. № 10 қазба кезінде қала қорғанының үстінен салынған бөлмелер аршылды. Бұл қазба қала тұрғындарының мәдени-тұрмыстық өмірін көрсетуге материалдар береді.

Аталмыш нысандағы қазба жұмыстары әлі толық аяқталған жоқ. Қазба жұмыстарының негізгі мақсаты қала дамуының соңғы кезеңінің мәдениетін көрсетуге бағытталған. Әсіресе тұрмыстық бөлмелер, бөлмелердегі ошақтары мен шаруашылық құрылыстар өте қызықты болып келеді. Бұзылып жатқан қаламыздың тарихи беттерін қайта ашып, ашық аспан астындағы мұражайға айналдырсақ, өткен тарихымыздың беті қайта ашылып, жаңа өмірмен жалғасын қайта табар еді. Сонда біздің мәдени мұраларымыз өз елінің игілігіне жараған болып табылады [22].

Соңғы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде қала өркендеуіне өз әсерін тигізген екі монументалды құрылыс орны аршылды, олар: шахристанның солтүстік-шығыс қақпасы мен қала орталығында орналасқан орталық мешіт. Қалада мұндай архитектуралық құрылыс орындарының ашылуы Сығанақтың астаналық мәртебесін айқындай түскендей. Абд ал-Кадир ибн Мухаммад-Аменнің «Маджма'ал-ансаб ва-л-ашджар» атты шығармасында «его отправили в Ак-Урду в качестве правителя. Город Сигнак он превратил в стольный город. Территорию между реками Джем, Джайики, Сайхун сделали местом своего владычества» [23] деген жолдар кездеседі.

Қаланың солтүстік-шығыс қақпасы Оңтүстік Қазақстан археологиясында бұрын кездеспеген белгісіз фортификациялық жүйе типіне жататындығы анық. Біріншіден, қақпа алды көтерілмелі көпірдің ажыратылмалы механизмі зерттеліп, Самарқан қақпалары секілді қыш тақташалармен безендірілген қақпаның жайма порталы анықталды. Екіншіден, Отырардың бас қақпасына ұқсас қақпа алды қабырғаларының қақпа алды көтеріңкі жерінің көлемі үлкен. Аталған ерекшеліктер зерттеушілер назарын қала қақпасына аудармай қоймас деген ойда зерттеуші-археологтар [5; 145].

Сығанақтың ортағасырлық қазақ тарихында алатын орны жайлы мынадай тұжырымдар жасауға болады: қала Қазақстанның қала өркениетінің, суармалы егіншіліктің, отырықшылықтың ежелгі орталығы ретінде танымал. Сонымен қатар қазба барысында табылған шикі кірпіштен тұрғызылып, үстінде күмбез орнатылған құрылыс ескерткіштері Оңтүстік Қазақстанның қала тұрғындары құрылыс жұмыстарын жүргізуде сауаттылығы жоғары, тәжірибесі мол екендігін көрсетеді. Сәулет өнері ескерткіштері жайлы Хафиз Таныш «Шараф-наме-йи шахи» шығармасында «1582 ж. Абдаллах хан Сығанақты аралап, Ходжа ханның қабірінің басына қойылған күмбез тәріздес құрылыс орнына келіп аялдайды» деген жолдар жазады. Алайда қазір хан басына орнатылған бұл құрылыс жүйесін анықтау мүмкін болмай тұр [10; 288]. Осындай құрылыс ескерткіштерін салу барысында жинақталған тәжірибе тұрғын және шаруашылық мақсатта қолданылатын үй-жайларды салуда жинақталғаны анық. Қазба барысында аршылған ғимараттар құландыларына және суармалы жүйелердің іздеріне қарай қала X–XIX ғғ. аралығында ірі өркениет орталығы болғандығы жайлы баяндауға болады.

Қала тек экономикалық орталық ғана емес, ғылым дамыған мәдени орталық ретінде де қарастыруға болады. Қазақ мемлекеттілігінің нығаюына ықпал жасаған Ислам дінінің таралуына осы Сығанақ қаласынан шыққан Шайхы баба Сығанаки [24], Хусам ад-дин ал-Хусейн ас-Сығанаки өз үлестерін қосқан. Алайда Сунақ-Атаның діни қызметі мен қаланың Сығанақ немесе Сугнақ атауы жайлы мәселелер әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет ететін тақырып. XIV ғ. Сығанақта қыпшақ ақындары Құтып Қыпшақи мен Берке Факих Қыпшақи өмір сүрген және «Хосрау-Шырын» дастанын осы қалада Ақ Орда ханы Тыныбек пен оның әйелі Мәлике хатунға арнап жазған деген деректер бар [23; 131].

Сығанақ қаласының қазақ тарихындағы маңыздылығы өзі астанасы болған Қыпшақ хандығының қалыптасуы дамуымен байланысты. Қазақ халқының қалыптасуында қыпшақтардың орны жоғары екендігін ескерсек, қыпшақ тайпалары өмір сүрген Сыр өңіріндегі барлық қалалардың ролі арта түседі. Сығанақ қаласын ортағасырлық автор белгісіз себептерсіз «Дешті Қыпшақтың айлағы» деп атамаға керек.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі / Махмұт Қашқари. — Алматы: Хант, 1997. — Т.1. — 592 б.
- 2 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. — Т. 2. / В.В. Бартольд. — М.: Наука; Гл. ред. вост. лит., 1965. — 1020 с.
- 3 Материалы по истории туркмен и Туркмении VII–XV вв. Арабские и персидские источники. — Т. 1. — М.; Л.: АН СССР, 1939. — 612 с.
- 4 Киракос Гандзакечи. История Армении / пер. с древнеарм.; предисл. и коммент. Л.А. Ханларян / Киракос Гандзакечи. — М.: Наука, 1976. — 360 с.
- 5 Археологические исследования объекта историко-культурного наследия. Средневековое городище Сыганак (промежуточный): отчет о НИР / МКИИ РК. — Туркестан, 2012. — 145 с.
- 6 Извлечения из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыганак / сост. М. Елеуов. — Туркестан, 2005. — 228 с.
- 7 Бурнашева Р.З. Денежное обращение в городах Южного Казахстана в XV–XVIII вв. / Р.З. Бурнашева. — Туркестан: Типография Междунар. казах.-турец. ун-та им. Х.А.Ясауи, 2006. — 255 с.
- 8 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара («Записки бухарского гостя») / пер. с перс. Р.П. Джалиловой; — М.: Гл. ред. вост. лит. изд-ва «Наука», 1970. — С. 55–167.
- 9 Zholdasbaev S. The Medieval Town of Kazakhstan / S. Zholdasbaev, M. Aldabergenova // Asian Social Science. — Published by Canadian Center of Science and Education, 2013. — Vol. 9, No. 5. — P. 73–82.
- 10 Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост. С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. — Алма-Ата: Наука, 1969. — 650 с.
- 11 2009 ж. Ортағасырлық Сыганак қаласында жүргізілген ғылыми жобаның жылғы (аралық) есебі: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009–2011 жылдарға жариялаған мемлекеттік «Мәдени мұра» гранты бойынша Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасы аясында орындалған. — Түркістан, 2009. — 61 б.
- 12 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. В IX т. — Т. 3. Сочинения / В.В. Бартольд. — М.: Наука; Гл. ред. вост. лит., 1965. — 713 с.
- 13 Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сыганак қаласы (X–XVIII ғғ.) / С. Жолдасбаев. — Түркістан, 2010. — 224 б.
- 14 Веселовский Н.И. Рукопись «Описание развалин древних городов по дороге из Казалы в Ташкент» / Н.И.Веселовский. Ф. № 111 Опись № 1. Ед. хр. — № 243. — 58 с.
- 15 Смирнов Е. Древности на среднем и нижнем течении реки Сырдарьи. ПТКЛА (1896–1897) / Е. Смирнов. — Ташкент, 1897. — Т. 2. — С. 1–14.
- 16 Каллаур В.А. Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнасъ или Эшнасъ (Асанасъ) и др. в Перовском уезде, разрушенные Чингисханом в 1219 году. ПТКЛА (1899–1900) / В.А. Каллаур. — Т. 5. — Ташкент, 1900. — С. 6–16.
- 17 Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака (Сугнака). Сообщения Государственной академии материальной культуры / А.Ю. Якубовский. — Т. 2. — Л., 1929. — С. 123–159.
- 18 Бернштам А.Н. Проблема древней истории и этногенеза Южного Казахстана / А.Н. Бернштам // Известия АН Казахской ССР. Сер. Археология. — 1949. — № 67(2). — С. 59–99.
- 19 Агеева Е.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич // ТИИАЭ АН КазССР. — Т. 5. — Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1958. — 215 с.
- 20 Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов / В.В. Бартольд // Сочинения. — Т. 5. — М.: Наука; Гл. ред. вост. лит., 1968. — 757 с.
- 21 2010 ж. Ортағасырлық Сыганак қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі (аралық есеп): ҚР Мәдениет министрлігінің мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009–2011 жж. арналған Мәдениет саласындағы қолданбалы зерттеулер аясында орындалған. — Түркістан, 2010. — 107 б.
- 22 2011 ж. Ортағасырлық Сыганак қаласында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі (аралық есеп): ҚР Мәдениет министрлігінің мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009–2011 жж. арналған Мәдениет саласындағы қолданбалы зерттеулер аясында орындалған. — Түркістан, 2011. — 133 б.
- 23 Қазақстан тарихы. — Т. 2. — Алматы, 1998. — 303 б.
- 24 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары / Ә. Дербісәлиев. — Алматы, 1995. — 164 б.

М.К. Алдабергенова, Ф. Максуд, М. Рустамбекова, Г.А. Жадраева

### Средневековый город Сыганак (по письменным и археологическим источникам)

В статье проанализированы письменные и археологические источники об этимологии средневекового города Сыганак, который являлся центром цивилизации, орошаемого земледелия и оседлого хозяйства, а также исторические источники о социально-экономическом, политическом развитии города Сыганак, являющегося в XI–XIII вв. столицей Кипчакского ханства, в XIV–XV вв. центром Ак-Орды, в XV–XVI вв. — Казахского ханства. Проведены экспертиза и анализ последних результатов археологических раскопок, вошедших в научный оборот, сравнение имеющихся на руках письменных и этнографических сведений, на основе чего показано восстановление исторической

истины, касающейся социально-экономического и политического положения средневековых городов. Дана классификация различным видам керамических изделий позднего средневековья. Определено влияние керамической промышленности на развитие городов, установлены товарные знаки на керамической посуде, их происхождение и структура. Исследованы казахские традиционные ремесла, уровень их развития в городах, архитектурные памятники, дана их характеристика; конкретизированы сведения об ирригационных системах. Дан научный прогноз касательно факторов, повлиявших на социальное развитие городов, изменений в интерьере жилых домов, этнической структуры городских жителей.

*Ключевые слова:* город Сыганак, археологические источники, письменные источники.

M.K. Aldabergenova, F. Maqsud, M. Rustambekova, G.A. Zhadrayeva

### The medieval city Syganak (according to written and archaeological sources)

This article analyzes written and archaeological sources about the etymology of the medieval city of Syganak, which was the center of civilization, irrigated agriculture and settled economy. Historical sources about the socio-economic and political development of the city of Syganak, which is the 11th-13th centuries, are also analyzed. the capital of the Kipchak Khanate, the 14th-15th centuries. center of Ak-Orda, XV-XVI centuries. Kazakh Khanate. Examination and analysis of the latest results of archaeological excavations included in the scientific circulation, comparison of the written and ethnographic information in their hands, on the basis of which - the restoration of historical truth regarding the socio-economic and political situation of medieval cities. A classification is given for various types of pottery of the late Middle Ages. The influence of the ceramic industry on the development of cities has been determined; trademarks have been established on ceramic ware, their origin and structure; Kazakh traditional handicrafts, their level of development in cities, architectural monuments were investigated, characteristics were given, information on irrigation systems was specified; A scientific forecast is given regarding the factors that influenced the social development of cities, changes in the interior of residential buildings, and the ethnic structure of urban residents.

*Keywords:* Syganak city, archaeological sources, written sources.

#### References

- 1 Kashkari, Mahmut. (1997). *Turik sozdih* [Turkish dictionary]. (Vol. 1). Almaty: Khant [in Kazakh].
- 2 Bartol'd, V.V. (1965). *Istoriia kulturnoi zhizni Turkestana* [The history of cultural life of Turkestan]. (Vol. 1-2; Vol. 2). Moscow: Nauka; Hlavnaia redaktsiia Vostochnoi literatury [in Russian].
- 3 *Materialy po istorii turkmen i Turkmenii VII-XV vv.* (1939) Arabskie i persidskie istochniki [Arab and Persian sources]. (Vol. 1). Moscow; Leningrad: AN SSSR [in Russian].
- 4 Gandzaketsi, Kirakos. (1976). *Istoriia Armenii* [History of Armenia]. (L.A. Khanlaryan, Trans.). Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Arkheolohicheskie issledovaniia obekta istoriko-kulturnoho nasledii. Srednevekovoe horodishche Syhanak (promezhutochnyi) (2012) [Archaeological research of the object of historical and cultural heritage. The medieval settlement Syhanak (intermediate)]. Turkestan, Research Report [in Russian].
- 6 Yeleuov, M. (2005). Izvlecheniia iz pismennykh istochnikov o srednevekovykh horodakh Sauran i Syhanak [Extracts from written sources about the medieval cities of Sauran and Syhanak]. Turkestan [in Russian].
- 7 Burnasheva, R.Z. (2006). *Denezhnoe obrashchenie v horodakh Yuzhnoho Kazakhstana v XV-XVIII vv.* [Money circulation in the cities of South Kazakhstan in the XV-XVIII centuries]. Turkestan: Tipohrafiia Mezhdunarodnoho kazakhsko-turetskoho univerviteta imeni Kh.A. Yasau [in Russian].
- 8 Fazlallakh ibn Ruzbikhan Isfakhani (1970). Mikhman-name-yi Bukhara («Zapiski bukharskoho hostia») [Mihman-name-yi Bukhara («Notes of the Bukhara Guest»)]. (R.P. Dzhailovoy, Trans). Moscow: Hlavnaia redaktsiia vostochnoi literatury izdatelstva «Nauka» [in Russian].
- 9 Zholdasbaev, S., & Aldabergenova, M. (2013). The Medieval Town of Kazakhstan. Asian Social Science. Publ. by Canadian Center of Science and Education, Vol. 9, 5, 73-82.
- 10 Ibragimov, S.K., Mingulov, N.N., Pishchulina, K.A., & Yudin, V.P. (1969). Materialy po istorii Kazakhskikh khanstv XV-XVIII vekov (Iz vlecheniia iz persidskikh i tiurkskikh sochinenii) [Materials on the history of the Kazakh Khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from Persian and Turkic works)]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 11 2009 zhyly Ortahasyrlyk Syhanak kalasynda zhurhizilhen hylymi zhobanyan zhylyhy (aralyk) esebi: KR Madeniet zhane akparat ministrlihinin 2009-2011 zhyldarha zhariialahan memlekettik «Madeni mura» hranty boiynsha Madeniet zhane akparat salasyndahy koldanbaly hylymi zertteuler bahdarlamasy aiasynda oryndalhan [Report for the year (interim) of the scientific project in the medieval town of Syhanak in 2009: It was carried out within the program of applied research in the field of culture and information on the state grant «Cultural heritage», published by the Ministry of culture and information of Kazakhstan for 2009-2011 (2009)]. Turkestan [in Kazakh].

- 12 Bartol'd, V.V. (1965). *K istorii orosheniia Turkestana [To history of irrigation of Turkestan]*. (Vol. 1-9; Vol. 3). Moscow: Nauka; Hlavnaia redaktsiia vostochnoi literatury [in Russian].
- 13 Zholdasbayev, S. (2010). *Ortahasyrlyk Syhanak kalasy (XV–XVIII hh.) [Medieval Syzganak city (XV–XVIII cc.)]*. Turkestan [in Kazakh].
- 14 Veselovskiy, N.I. Opisanie razvalin drevnikh horodov po dorozhe iz Kazaly v Tashkent [Description of the ruins of ancient cities on the way from Casala to Tashkent]. *Manuscript*. [in Russian].
- 15 Smirnov, Ye. (1897). Drevnosti na srednem i nizhnem techenii reki Syrdari. PTKLA (1896–1897) [Antiquities on the middle and lower reaches of the Syr Darya river. Protocols of the Turkestan Circle of Archeology Lovers (1896–1897)]. (Vol. 2). Tashkent [in Russian].
- 16 Kallaur, V.A. (1900). Drevnie horoda Sahanak (Sunak), Ashnas ili Eshnas (Asanas) i druhie v Perovskom uезде, razrushennye Chinghiskhanom v 1219 roku. PTKLA (1899–1900) [Ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) and others in Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219. Protocols of the Turkestan Circle of Archeology Lovers (1899–1900)]. (Vol. 5). Tashkent [in Russian].
- 17 Yakubovskiy, A.Yu. (1929). Razvaliny Syhnaka (Suhnaka). Soobshcheniia Hosudarstvennoi akademii materialnoi kultury [Ruins of Sygnak (Sugnak). Messages of the State Academy of Material Culture]. (Vo. 2). Leningrad [in Russian].
- 18 Bernshtam, A.N. (1949). Problema drevnei istorii i etnogeneza Yuzhnogo Kazakhstana [The problem of ancient history and ethnogenesis of South Kazakhstan]. *Izvestiia AN Kazakhskoi SSR. Seriya Arheolohiia – News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archeology Series*, 67(2), 59–99 [in Russian].
- 19 Ageyeva, Ye.I., & Patsevich, G.I. (1958). Iz istorii osedlykh poselenii i horodov Yuzhnogo Kazakhstana [From the history of sedentary settlements and cities of South Kazakhstan]. TIIAE AN KazSSR, Vol. 5. Alma-Ata: Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoi SSSR [in Russian].
- 20 Bartol'd, V.V. (1968). Raboty po istorii i filolohii tiurkskikh i monholskikh narodov [Works on the history and philology of the Turkic and Mongolian peoples]. *Sochineniia*, Vol. 5. Moscow: Nauka; Hlavnaia redaktsiia vostochnoi literatury [in Russian].
- 21 2010 zhyly Ortahasyrlyk Syhanak kalasynda zhyrhizilhen hylymi-zertteu zhumystarynyn esebi (aralyk esep): KR Madeniet ministrlihinin memlekettik «Madeni mura» bahdarlamasy boiynsha 2009–2011 zhzh. arnalhan Madeniet salasyndahy koldanbaly zertteuler aiasynda oryndalhan (2010) [Report on the conducted research works (interim report) in 2010 in the medieval city of Syganak: under the state program «Cultural heritage» of the Ministry of culture of the Republic of Kazakhstan in 2009–2011 in the framework of applied research in the field of Culture]. Turkestan [in Kazakh].
- 22 2011 zhyly Ortahasyrlyk Syhanak kalasynda zhurhizilhen hylymi-zertteu zhumystarynyn esebi (aralyk esep): KR Madeniet ministrlihinin memleketik «Madeni mura» bahdarlamasy boiynsha 2009–2011 zhzh. arnalhan Madeniet salasyndahy koldanbaly zertteuler aiasynda oryndalhan (2011) [Report on the conducted research works (interim report) in 2011 in the medieval city of Syganak: under the state program «Cultural heritage» of the Ministry of culture of the Republic of Kazakhstan in 2009–2011 in the framework of applied research in the field of Culture]. Turkestan [in Kazakh].
- 23 Kazakstan tarikhy (1998) [History of Kazakhstan]. (Vol. 2). Almaty [in Kazakh].
- 24 Derbisäliev, Ä. (1995). *Kazak dalasynyn zhuldyzdary [Stars street of Kazakh]*. Almaty [in Kazakh].